Қазақстан Республикасы,
Ақтөбе облысы
"Ақтөбе қаласы ...
мемлекеттік мекемесінің
"№ 74 жалпы білім беретін орта мектеп"
ко...
шығ. 104
... 05 ... 24

**Ақтөбе қаласы «№74 орта мектебі» КММ-нің**

# ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ТАЛДАУЫ

**2023-2024 оқу жылы**

2023-2024 оқу жылында жүргізілген психологиялық жұмыстың мақсаты:

- Білім беру ұйымында әр баланың психикалық және жеке дамуын қамтамасыз ететін психологиялық жағдайларды құру және қолдау;
- Білім беру процесіне қатысушылардың жас, психологиялық және гендерлік ерекшеліктерін ескере отырып, тұлғаның зияткерлік және адамгершілік дамуын тиімді қамтамасыз ету;
- Білім берудің барлық деңгейлерінің кеңістігіне жеке, мәдени, әлеуметтік - кәсіби даму бағыттарын кіріктіру.
- Педагог-психологтың негізгі қызметтері: психологиялық білім беру (алдын алу, ағартушылық қызмет), психологиялық консультация, психологиялық диагностика, психологиялық түзету-дамыту, психологиялық жетелеу және әлеуметтік-психологиялық бейімдеу.

Жоспар бойынша мынандай психологиялық қызметтер атқарылды.

Әр бағытқа орай жеке жоспар құрылып, жұмыс жүргізілді.

1. **Әдістемелік бағыт бойынша** жыл бойы психолог қызметіне қажетті диагностикалық, коррекциялық материалдар жинақталды.

2. **Диагностика бағыты бойынша** сауалнама-тесттер:

«Басса-Дарки» сауалнамасы 7-11 сынып оқушыларының агрессия деңгейін анықтауға арналған сауалнама. Сауалнама қорытындысы бойынша жоғары деңгей анықталмады. «Н.Г.Лусканова» сауалнама 5 сынып оқушыларының оқу мотивациясын анықтау. Нәтижесінде оқшау, оқу мотивациясы төмен оқушы анықталмады. «Керн- Йерасек» тесті 1-ші сынып оқушыларының мектепке оқуға психологиялық даярлығы бейімділігін анықталып, жұмыстар жүргізілді. Темпераментті анықтау тесті қажетіне қарай 5-11 сынып оқушыларына жүргізілді. Нәтижесі оқушыларға таныстырылды. «Менің сыныбым» әдістемесі 5 сынып оқушыларының сыныпқа бейімделуін анықтау мақсатында жүргізілген суреттік тест. Нәтижесінде оқшау қалған оқушы анықталмады. Р. Гудман сауалнамасы 5 сынып оқушыларының күшті және әлсіз жақтарын анықтауға бағытталған тапсырма, нәтижесі оқушыларға, сынып жетекшіге таныстырылды. «Филипстің мектептегі мазасыздану тесті»әдістемесі 6-7 класс оқушыларынан алынды. Нәтижесінде жоғары көрсеткіш анықталмады, хаттамасы қалалық білім бөліміне тапсырылды. DASS сауалнамасы 8-11 сынып оқушыларының бойындағы үрей, депрессия, мазасыздық деңгейін анықтау үшін алынды. Нәтижесінде жоғары деңгей анықталмады. Пәндерге деген көзқарасын анықтау «Климов» мамандыққа бағыттау әдістемесі, «Спилбергер» 8-11 сынып оқушыларының ситуативті және жекелік мазасыздануын саралап өлшеу әдістемесі, 4 класс оқушыларына «Кактус» жобалау әдістемесі, біліктілік зерттеу әдістемесі өткізілді.

Сонымен қатар, ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың, бастауыш сынып оқушыларының танымдық қабілеттерін зерттеу жүргізілді. 1 класс оқушыларының мектеп үрдісіне бейімделу деңгейлерін анықтау мақсатында Керн-Йирасек әдістемесі өткізілді. Қатысқан оқушылар саны: 50 оқушы, жоғары дейгейде – 31 оқушы 70%, орташа деңгейде 17 оқушы 22%, төмен дейгейде 2 оқушы, 8% көрсетті. 5-кластардың жоғарғы буынға бейімделуіне жүргізілген әдістемелер: «Оқу мотивациясы», «Темперамент тип» анықтау. Қатысқан оқушылар саны: 48оқушы, жоғары дейгейде – 43 оқушы, 75%, орташа деңгейде 31оқушы, 25%, төмен дейгейде оқушы анықталған жоқ 0% көрсетті.

3. **Консультативтік бағыт.** Білім алушы, ата – ана және педагогикалық ұжымға күнделікті туындайтын қиындықтарды шешуге және өзін – өзі жетілдіруге көмектесу. Психологиялық кеңес беру оқу мәселесі, жас ерекшеліктеріне байланысты туындайтын мәселелер, өзара қарым – қатынас құру, кәсіптік бағдар т.б. мәселелерге байланысты жүргізіледі. 1 класс ата-аналарына «6-7 жасар балалардың мектеп өміріне бейімделуіндегі ата-аналардың алатын орны» туралы кеңес, Ата-аналар қарым-қатынасын нығайту мақсатында Балаларды оқыту , тәрбиелеу, дамыту мәселелері бойынша педагогтарға, ата-аналарға кеңестер берілді. 11 – класс ата-аналарына психологиялық көмек ретінде «Балаңызға ҰБТ-ға дайындалуға қалай көмек бере алаласыз?» тақырыбында кеңес жадынамалар таратылды. Қажеттілігіне қарай оқушыларға бағыт-бағдар беру, кәсіптік бағдар беру, темперамент анықтауға байланысты кеңес беру жұмыстары жүргізіліп отыр.

4. **Коррекциялық бағыт.** Білім алушының бойында «мен» тұжырымдамасын қалыптастыра отырып, психологиялық қолдау беру және жетістік ситуациясын орнату. Психологиялық диагностика жұмысының нәтижесі бойынша түзету - дамыту жұмыстарын жүргізу.

Психологиялық түзету-дамыту жұмыстары барысында жалпы сыныптарға арт-терапиялық жаттығулар, танымдық қасиеттерін дамыту үшін жаттығулар, ҰБТ-ке бағытталған психологиялық сабақтар, 1,5 класс оқушыларына түзету-дамыту жұмыстары, «Психомоториканы дамыту» жұмыстары» үнемі жүргізіліп отыр. 1-кл оқушыларының мектепке қолайлы бейімделуіне тренингтер, 4-кл оқушыларының зерттеу жұмыстары бойынша, «Менің көңіл-күйім неге ұқсайды?», «Болашақ чемпиондар», «Әртүрлі кейіпкерлер», 9-11 класс оқушыларымен «Мамандықты дұрыс таңдау-табысты өмір кілті», 11 класс оқушылармен ҰБТ-ға байланысты «ҰБТ-да жетістікке жетейік» атты психологиялық сабақ жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде психологиялық проблемалары бар оқушылар анықталған жоқ. ҰБТ-ға дайындалуға психологиялық көмек. Ата-аналарға психологиялық кеңестер берілді.

**5. Ағартушылық және профилактикалық бағыт.** Жасөспірімдердің психологиялық, эмоционалдық күйін реттей білу, зиянды әрекеттерден бойын аулақ ұстауға қалыптастыра отырып, салауатты өмір салтын ұстануға баулу. 1,5 сынып оқушыларының бейімделуіне байланысты оқушыларының табысты бейімделуіне жағдай жасауға жадынама мектеп парақшасына салынды. Мектептегі зорлық-зомбылықтың алдын алу, суицидтің, буллингтің, ерте жүктіліктің алдын алу бойынша жоспарға сәйкес алдын алу жұмыстары, кеңес беру, дөңгелек үстелдер, кездесулер өткізіліп отыр. Соның ішінде қыз балалармен «Жасөспірімдік кезеңдегі жүктілік қауіпі» тақырыбында мамандармен кездесу, «Ерте жүктіліктің ертеңі қандай» сауалнамасы өткізіліп отыр. Суицидтің алдын алу бойынша "Суицид алдын алу" сауалнамасы, Жасөспірімдер арасында суицидтік мінез-құлық белгілер, себептері және оған әсеретуші факторлар (сынып жетекшілерге арналған баяндама) «Армандар картасы», « Өзім туралы», Депрессиядан қалай арылуға болады? қысқаша дәріс, Мен өмірді сүйемін!» сауалнамасы, «Мен және менің отбасым» тренинг, «Ашу-ыза билегенде не істеу керек?» тренинг, «Жетістікке жету формуласы», «Күйзелістен қалай арылуға болады?» тақырыбында тренингтер өткізілді.

Буллинг және кибербуллингтің алдын алу бойынша буллинг, кибербуллинг туралы ұсыныстар мектеп парақшасына, мектеп ұжымына «Буллинг және кибербуллингтің алдын алу» , Интернет қауіпсіздігінің алдын алу, ресурстарды дұрыс пайдалану жөнінде ақпараттандыру (4 кл білім алушыларына), «Қауіпсіз интернет»тақырыбында жадынама тарату , «Мектеп оқушылары арасында боисалау, әлімжеттікті анықтау» (анонимді сауалнама 8-11 сыныптары), «STOP Буллинг: Бәрі сенің қолыңда» дәріс-тренинг (6-7 кл) (8-9кл), «Мен буллингке қарсымын» анонимді сауалнама алу, «Баланы жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу. (ата-аналарға баяндама), ата-аналарға «Сіз және балаңыз бір-бірлеріңізді түсіне аласыздар ма? сауалнамасы, «Мектептегі мінез-құлық ережелері» дәріс сабақ, *«МЕН + СЕН = БІЗ»* тренингтік жаттығулар, «Нашақорлықтың салдары» тренинг, «Өзім туралы»тренинг, «Отбасы-тәрбиенің алтын бесігі» топтық тренинг, "Қоғамның нәзік бөлшегі" тақырыбында сыр-сұхбат, «Өмір сен қымбатсың маған» тақырыбында тренинг, «Мамандықты дұрыс таңдау-табысты өмірдің кілті» тақырыбында психологиялық сабақ, «Достық–көмекпен мықты» тақырыбында тренинг, «Дос болайық» атты акция ұйымдастырылып жүргізілді.

Мектептегі зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында мектептің тәрбие ісі орынбасарымен бірлесіп «Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн белсенділік» тақырыбында жұмыстар жүргізілді.

**Психологиялық алдын – алу жұмысының мақсаты:**

2023-2024 оқу жылындағы жарты жылдығында сенім жәшігіне хат түспеді және сенім телефонына қоңырау соғылмады. Мектеп қабырғасында сенім жәшігі ілулі, сенім телефоны қосулы.

Сонымен қатар, мектепте ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен уақытылы жұмыс жүргізіліп, ата-ана, мұғалім сұранысы бойынша оқушылармен жұмыс жүргізілді.

Жүйелі жұмыс арқасында, ешқандай оқыс жағдайлар тіркелген жоқ. Жүргізілген әдістемелердің қорытындыларымен, ұсыныстарымен оқушылар, класс жетекшілер таныстырылып отырды. Өткізілген жұмыстардың, түрлі іс-шаралар аясында оқушылар өзінің өмірге көзқарасын, белсенділігін, қызығушылықтарын көрсетуде көптеген мүмкіндіктерге ие болды.

Мектеп директоры: Башанов А.Қ.

Мектеп психологы: Амандық А.Ж.